«№ 3Хромтау орта мектебі» КММ Қамқоршылық кеңесінің отырысы

ХАТТАМА № 3

Өтетін күні: 20 мамыр, 2022 жыл

Қатысқандар: Қатысқандар: мектеп әкімшілігі, ата-ана, жергілікті мекеме қызметкерлері

Күн тәртібінде:

1.2023-2024 оқу жылындағы бірыңғай мектеп формасын талқылау, таңдау, бекіту

2. «Он маржан» бағдарламасының қорытындысы /ДТІЖО Кулумгарина Р.Ж./

3.Мектеп жанындағы жазғы демалысты ұйымдастыру -әлеуметтік педагог Исмагулова Ж. Тыңдалды мектеп директоры Отаров Ш.Т.- Мектеп формасы келесі мақсатпен енгізілді:

-тәртіп пен реттілікті нығайту;

-оқушы тұлғасының адамгершілік қасиетін дамыту, оның мәдениетін арттыру;

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 14 қаңтардағы №26 «Орта білім беру ұйымдары үшін міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды бекіту туралы» бұйрығымен бекітілген мектеп формасына қойылатын талаптары басшылыққа алынды . Мектеп формасының түсі: қою көк. Ұл балалар үшін Үсті: қою көк шатырашты кеудеше, классикалық ақ жейде (күннің суық мезгілінде – қою көк пиджак). Асты: классикалық үлгідегі шалбар (шалбар еркін тігілген және ұзындығы тобықты жауып тұрады). Қыз балалар үшін Үсті: қою көк шатырашты кеудеше, классикалық ақ жейде (белдемшесінің ұзындығы тізеден төмен). Асты: қою көк шатырашты белдемше (белдемшесінің ұзындығы тізеден төмен).

2. «Он маржан» бағдарламасының қорытындысы /ДТІЖО Кулумгарина Р.Ж./

2021-2022 оқу жылында мектепішілік «Он маржан» сайысы ұйымдастырылды.

Сайыстың қорытындысы бойынша №3 Хромтау орта мектебі №35 бұйрық негізінде төмендегідей мұғалімдер мен оқушылар марапатталды.

1.Ең үздік жыл мұғалімі- Кукенова Нурзинаш Ергеновна

2.Ең үздік сынып жетекші- Мусина Гүлжанат Абдисадыковна

3.Бастауыш сыныптар бойынша үздік сынып жетекші-Халыкова Гульфира Умаровна

4.Ең үздік мектеп оқушысы- 11 а класс оқушысы Умарова Асем

5.Ең үздік сынып оқушысы – Аманғос Нұрайым Серікқызы, 8 «ә» сынып оқушысы

6.«Ең үздік жыл класы» - 8 «г» класс

7. Ең үздік спорт сүйер класс – 8 «б» класс

8. Ең үздік отбасы- Кеукенова Гульмира Нагашыбаевна

9. Ең үздік мектеп демеушісі- Каналин Айдар Амангельдиевич

10. Ең үздік қосымша білім беру педагогы- Жумабаев Совет Мухамбетказиевич

3.Мектеп жанындағы жазғы демалысты ұйымдастыру -әлеуметтік педагог Исмагулова Ж.

Мектеп жанындағы ұйымдастырылатын «Балдәурен» лагеріне келген әрбір баланы алдымен жақсылыққа , адамгершілікке, ұйымшылдыққа тәрбиелей отырып, балалардың жазғы демалыс уақытын тиімді пайдалана білуге үйрету. Балалардың жаз мезгіліндегі демалысын тиімді әрі мағыналы өткізуге жағдайлар жасау, қауіпсіздік ережелерін үйрете отырып, салауатты өмір салтын қалыптастыру.

Лагерьге балалардың уақытымен, толық келулерін қадағалау;

• Әр күнді бағдарлама бойынша ұйымдасқан түрде өткізу;

• Балалардың ойын алаңындағы ертеңгілік, дене жаттығуларын, қимыл- қозғалыс ойындарын бақылауға алу;

• Саяхат және жорық кезіндегі қауіпсіздік ережелерінің сақталуын еске алу, бақылау;

• Лагерь жағдайында бірыңғай тәртіпте салтанатты жиындар өткізу;

• Сурет, қолөнер тақырыптарында шығармашылық қабілеттерін арттыру мақсатында көрме, сайыс, байқаулар ұйымдастыру;

• Ұлттық ойындар, логикалық және спорттық ойын түрлері арқылы балалардың қызығушылығын арттыру. «Балдәурен» лагеррі екі маусымда өтеді , барлық қамтылатын бала саны-50.

Ата-ана өтініші бойынша 1-5 сынып оқушылары қабылданады.

Сөз алғандар: Амангалиева Нургул Жолмұратқызы **-кеңес мүшесі,** Бүгінгі көтеріліп отырған мәселе өте орынды. Ережеде айтылған мәселелерді толық қолдап мектеп формасындағы стиль мен шалбарлар мен белдемшелердің ұзындығын таңдап бекіту қажет. Бүгінгі айтылған мәселелер сыныптың ата-аналар жиналысында, оқушылардың жалпы жиналысында айтылып мектеп формасына деген талапты күшейту керек деп ойлаймын.

Бримжанова Альбина -кеңес мүшесі , Мектеп жанындағы ұйымдастырылатын «Балдәурен» лагеріне мектеп оқушыларының қатысымын қадағалау, сынып жетекшілер тарапынан ұйымдастыру жұмыстары жүргізілсе.

Биржанов Марал Кансултанович- кеңес мүшесі , ұжымдағы ұстаздардың шеберлігін жоғарылату, оқушылардың өзін – өзі басқаруда белсенділігін арттыру мақсатында ұйымдастырылған «Он маржан» сайысы жылма жыл өткізіледі, нәтижесі де сапалы жұмыстануға ,ынталандыруға бағытталған

ШЕШІМ ЕТТІ:

1.2023-2024 оқу жылындағы бірыңғай мектеп формасын талқылау, таңдау, бекіту
2. «Он маржан» сайысында үздік деп танылған сынып оқушылары мен ұстаздар, үздік демеуші, үздік отбасы барлық номинациялар бойынша марапатталсын
3.Мектеп жанындағы жазғы демалыс лагері сапалы ұйымдастырылсын.

Қамқоршылық кеңес төрайымы: Кеукенова Гульмира Нагашыбаевна

Хатшы: Жолдыбаева Г.Ж

Қамқоршылық кеңес мүшелері: Реймов Қуандық Есболсынұлы

Ситекенов Оңдасын

Мырзагельдин Қуаныш Таңжарықұлы

Амангалиева Нургул Жолмұратқызы

Биржанов Марал Кансултанович

Құрманбаев Ардақ Бақтыбаевич

Касенова Алмагуль Ербулатовна

Бримжанова Альбина